

*Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК*

04-05

*Педагогикалық кеңесінің
хаттамалары және олардың
құжаттары*

Тұрақты

16 тармақ (9)

2024-2025 оқу жылы

**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 1

Өткен күні:29.08.2024

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024 - 2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
2. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
3. Педагогикалық үдерісте оқытудың заманауи құралдарын пайдалану және акпараттық технологияларды қолдану.

Тыңдалды:Бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы Ж.Нуралиева сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Топ тәрбиешілерін бекітіп,педагогтардың міндеттерін қайта таныстырды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.Жоспарда тәрбиелеу білім беру процесінің міндеттерін іске асыру,ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны ,білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру, ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)дене шынықтыру аптасына 3 рет,музыка аптасына 1 рет ,қазақ тілі аптасына 1 рет,сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамаен таныстыру,математика негіздері,сурет салу,мүсіндеу, жапсыру, құрастыру іс- әрекеттерді күн сайын өтіледі. Ересек топ (4 жастағы балалар)дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 2 рет ,қазақ тілі аптасына 1 рет,сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамаен таныстыру,математика негіздері,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру іс- әрекеттерді күн сайын өтіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері топтардың жас ерекшеліктеріне қарай түзіліп бекітілді.Сонымен қатар күн тәртібі ,перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілді. Балаларға қауіпсіз дамытушы орта құрып «Әжелер мектебі»,«Аналар мектебі», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру туралы түсіндіріп осы бағыт бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Тыңдалды:Екінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтарының біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесін талқылады. 2024-2025 оқу жылында бөбекжай меңгерушісі біліктілікті арттыру курсынан өту керек болса,2025-2026 оқу жылда барлық тәрбиеші және саз жетекші өтетіндері айтылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша тәрбиеші Г.Орынбаева «педагогикалық үдерісте оқытудың заманауи құралдарын пайдалану және ақпараттық технологияларды қолдану» тақырыбында баяндамасымен таныстырып ұсыныстар келтірді. Балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану-бала танымын жан-жақты дамытудың шешуші құралы. Мыс: Мультимедиялық оқулықтарды балабақшада пайдаланар болсақ, оқу іс-әрекеттерін жоғарғы дәрежеде жүзеге асыруға болар еді. Мұндай жағдайда тәрбиеші бала тәрбиесімен айналысқанда әр түрлі шара, оқу іс-әрекеттер өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Бұндай оқулықтар пайдалану алдымен балалардың қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекеттерге деген танымын, белсенділігін арттыра түсер еді. Мультимедиялық оқулықтар болса балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал еді. Ақпараттық-технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайтынын айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жұмыс жүргізілсін.
2. Бөбекжай педагогтары біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесіне сәйкес біліктілікті арттыру курсынан өткізілсін.
3. Оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды пайдалану мен қолдану бойынша жұмыстар жүргізу жалғастырылсын..



Төрайымы
Хатшы

Ж.К.Нуралиева
Г.Утегенова

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Рәбәкжай
Менгеришісі:

Ж.Н.Нуралиева



**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Өткен күні:29.11.2024

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қортындысы.
3. Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыта оқыту технологиясы әдістерін қолдану жолдары.
4. Педагогикалық шеберлік апталығын талдау.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы Ж.Нуралиева сөз алып,өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасады. 2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жұмыстың жүргізілуі бойынша бақылау көрсеткішін айтып өтті.Тәрбиешілердің шеберлік жұмыстары,әдістемелік кеңес шешімдеріне сәйкес, ақпараттық технологияларды пайдалану әдіс-тәсілдерді дұрыс уақтылы орындауы,қолдануы,түзету толықтыру еңгізулері бойынша жұмыс барысы талқыланды. Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесіне сәйкес білім бөліміне сұраныс хат берілді.Жалпы балаларға қауіпсіз дамытушы орта құрылып «Әжелер мектебі»,«Аналар мектебі», «Әкелер мектебін» ұйымдастырып осы бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде екені айтып өтті.

Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, балабақшадағы балалардың сырқаттану жағдайы, оның себептері және алдын алу шаралары туралы айтты.Қазіргі уақытта (жалпы 50 бала) баланың (сырқаттанған 4 бала) сырқаттанғаны анықталды.Оның ішінде:

ЖРВИ және тұмау белгілері бар – (4) бала

Ішек инфекциялары – (0) бала

Аллергиялық реакциялар және басқа аурулар – (0) бала

Сырқаттанудың негізгі себептері ауа райының өзгеруі мен маусымдық инфекциялардың көбеюі.Алдын алу және сақтық шаралары қолға алуды ұсынды.Барлық топтарда күнделікті дезинфекциялау және кварцтау жүргізіліп балалардың денсаулық жағдайы қатаң бақылауда екенін айтты.

Ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балада сырқат белгілері байқалса, үйде қалдыру ұсынылды.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі А.Кемелбекова «Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыта оқыту технологиясы» тақырыбында баяндама оқыды. Баланың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін келесі әдістер қолдануды ұсынды.

1. Ойын арқылы оқыту: Логикалық ойындар (жұмбақтар, ребустар, сөзжұмбақтар). Рөлдік және драмалық ойындар. Құрастыру, модельдеу ойындары (LEGO, пазл, мозаика).

2. Шығармашылық тапсырмалар: Өңгіме құрастыру, ертегі ойлап табу. Сурет салу, мүсіндеу, қолөнер жұмыстары. Музыкалық және театрландырылған қойылымдар.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану: Интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар. Бейне сабақтар, электронды оқулықтар. Балаға арналған мобильді қосымшалар мен білім беру бағдарламалары.

4. Тәжірибелік және зерттеу әдістері. Қарапайым тәжірибелер мен эксперименттер жасау. Қоршаған орта туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу. Табиғи құбылыстарды бақылау және талдау.

Дамыта оқыту технологиясы – балалардың интеллектуалдық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған тиімді әдіс. Мұндай оқыту жүйесінде бала дайын ақпаратты қабылдаушы емес, керісінше, белсенді ізденуші, зерттеуші болып табылады. Сондықтан бұл технологияны балабақша мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолдану өте маңызды екенін айтты.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, педагогтер арасында ұйымдастырылған педагогикалық шеберлік апталығына талдау жасады. Педагогикалық шеберлік апталығы балалардың дамуына бағытталған заманауи әдістер мен тәсілдерді қолдануды жетілдіруге арналған. Бекітілген апталықтың тақырыптық жоспарға сай ұйымдастырылып, мақсаты орындалғанын айтты. Педагогтер апталық барысында кәсіби құзыреттілігін арттырып, заманауи әдіс-тәсілдермен бөлісіп, балалардың қабілеттерін дамытып тәжірибе алмасты. Апталықта шеберлік танытқан педагогтер А.Кемелбекова мен Г.Орынбаева марапатталды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.

2. Балабақшадағы балалардың сырқаттану жағдайы және алдын алу шаралары қатаң қадағалансын.

3. «Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыта оқыту технологиясы» тақырыбындағы баяндамада келтірілген әдістерді қолдану жалғастырылсын.

4. Ұйымдастырылып өткізілген «Педагогикалық шеберлік» апталығына талдау жүргізіліп, есептелінсін.



Ж.К.Нуралиева
Ұ.Маханбет

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген



Дөбежай
Менгерушісі:
Ж.К.Нұралиева

**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Өткен күні:15.01.2025

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
- 2.Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.
3. Аралық мониторинг қортындысы.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті «Мен зерттеушімін» ересек топ, «Ғажайып көліктер» Ортаңғы топ
5. Шығармашылық тақырып бойынша әдістемелік құралды ұсыну бекіту туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай басшысы Ж.Нуралиева, педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Бөбекжайға келетін балалардың балалардың денсаулық жағдайы бір қалыпты. Науқас-танумен бала тіркелген жоқ. Дамыта оқыту технологиясы бойынша тәжірибе жинақтау жұмыстарын жалғастырылуда екенін айтып өтті.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуына талдау жасады. Бөбекжайда бір жарты жыл бойы тәрбиешілер балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылықтары жайлы көптеген жұмыстар атқарады. Балалардың физиологиялық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін мына факторды ескеру кажет :

- 1) Көңілді эмоциялық ахуал мен тиімді гигиеналық жағдайларды жасау
 - 2) Нақты қалыптасқан күн тәртібімен қамтамасыз ету
 - 3) Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру
 - 4) Бала ағзасын жүйелі түрде шынықтыру
 - 5) Физикалық жаттығуларды кеңінен күнделікті пайдалану
 - 6) Түрлі ауруларды алдын алу шараларын ұйымдастыру
- Сөз алғандар. Ортаңғы топ тәрбиешісі сөз алды. Ортаңғы топта күнделікті таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар жиыны әр айда екі рет ауыстырылады. Жаттығуларды орындау алдында балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін, шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жүгіру жаттығулары орындалады. Содан соң жан-жақты дамытушы жаттығуларын жасатады.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ұ.Маханбет жалғастырды. Аралық мониторинг 2025 жылдың қаңтар айында 2 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ .Бала саны – 50. Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы қанағаттанарлық екенін айтты. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-

шаралары ақпан -сәуір айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарлау керек екенін ескертті.Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша кеңеске қатысушылар топ тәрбиешілер С.Сарыбаеваның ересек «Аяулым» тобында «Мен зерттеушімін» атты тақырыпта, ортаңғы «Балауса» тобының тәрбиешісі А.Кемелбекованың «Ғажайып көліктер» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінінің қортындысына талдау жасады. Тәрбишінің іс-әрекетті ұйымдастыруы, мақсатының орындалуы,балалардың қатысуы нәтижесі барлығы қанағаттанарлық деңгейде өткізілгені айтылды.Ойын түрінде білім беру бөлімдерінің қамтылуы,кіріктірілуі туралы айтылды. Балалар көпіршіктің пайда болуын қызушылықпен зерттеді.Көлік түрлерін түр-түсіне қарай ажыратып ,сәйкестендірді.Тәрбиеші балаларды оқу іс-әрекетке қызықтырды. Іс-әрекетте қолданылған әдістерді тәжірибеге тарату ұсынылды.

Тыңдалды:Бесінші мәселе бойынша «Аяулым»бөбекжай-бақшасында ұйымдастырылатын аймақтық семинарға бөбекжай тәрбиешілері А.Кемелбекова мен Г.Орынбаева қатысатыны айтылды. Өз шығармашылық тақырыптары бойынша әдістемелік құралды ұсынатындары жөнінде талқыланды. Г.Орынбаева «Ертегілер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» , А.Кемелбекова «Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойын арқылы дамыту» тақырыптары бойынша қолданылуы,әдіс-тәсіл,пайдалануы туралы кеңінен айтылды. Аталған тақырып бойынша аймақтық семинарда іс-тәжірибе тарату ұсынылды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Балалардың физиологиялық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін ұсынылған ережелерді орындау жүзеге асырылсын.
3. Аралық мониторинг қортындысы жасалынды деп есептелінсін. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізілсін.
4. Топтарда ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
- 5.Әдістемелік құрал тақырыптары : Г.Орынбаева «Ертегілер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» А.Кемелбекова «Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойын арқылы дамыту»болып бекітіліп аймақтық семинарда іс-тәжірибе таратылсын.



Ж.К.Нуралиева

Ү.С.Маханбет

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мерленген

Дубежжай

менгерушісі:

Ж.К. Нуралиева



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Хаттама №4

(кезектен тыс)

Өткізілген мерзімі:

25.04.2025ж

Барлық педагогтар саны:7

Қатыспаған педагогтар саны:0

Меңгеруші:Ж.Нуралиева

Әдіскер:Б.Пернебекова

Тәрбиеші:Г.Орынбаева

Тәрбиеші:С.Сарыбаева

Тәрбиеші:А.Кемелбекова

Тәрбиеші:М.Пирназарова

Саз жетекші:Г.Утегенова

Күн тәртібі:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы»№319 Заңының 59 бабы,4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24-қазан №1632 бұйрығы бойынша 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2025 жылдың маусым айында «Ақарыс»бөбекжай бақшасы өтетіні туралы.
- 2.Мемлекеттік аттестаттауды өткізуге өзін-өзі бағалау комиссия құрамын сайлау туралы.

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз кезегін алды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы»№319 Заңының 59 бабы,4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24-қазан №1632 бұйрығы бойынша 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2025 жылдың маусым айында «Ақарыс» бөбекжай бақшасы өтетіні туралы хабарлады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның төлқұжаттары және 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылына құжаттарын жинақтап бақша сайтына орналастыру қажет екені түсіндірілді.

2.Мемлекеттік аттестаттауды өткізуге комиссия құрамын сайлау туралы.

Тыңдалды:Әдіскер Б.Пернебекова сөз кезегін алды.

Құрметті әріптестер бақшамызды мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау комиссия құрам мүшелерін сайлауымыз керек.Педагогтер бірауыздан келісіп,аталған педагогтер комиссия құрамы мүшелеріне сайланды.

Бөбекжай меңгерушісі:Ж.Нуралиева

Мүшелері:

Әдіскер:Б.Пернебекова

Тәрбиеші:Г.Орынбаева

Тәрбиеші:С.Сарыбаева

Тәрбиеші:М.Пирназарова

Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1.Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24 қазан №1632 санды хатынас хатын басшылыққа ала отырып Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 59 бабының 41тармағына сәйкес мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрайымы:Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева

Мүшелері:

Әдіскер:Б.Пернебекова,тәрбиешілер:С.Сарыбаева,Г.Орынбаева,М.Пирназарова.

2. «Ақарыс»бөбекжай-бақшасында 2025 жылдың мамыр айының 02-08 аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.

3.Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсан Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылына өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар әзірленсін.

4.Құжаттар топтамасы Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2025 жылдың 25 мамырға дейін жолдансын.

5.Құжаттар әзірлеу жауапкершілігі Б.Пернебековаға жүктелінсін.

6.Осы бұйрықтың орындалуын өз қуырыма қалдырамын.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



Ж.Нуралиева

Б.Пернебекова

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген



Бөбекжай
менгерушісі:
[Signature]
Ж. С. Цуралиева

**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 5

Өткен күні:15.05.2025

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
- 2.Өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қортындысы.
3. Бөбекжайдың жылдық есебі(мониторинг қортындысы).
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралары туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай басшысы Ж.Нуралиева , педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балалардың физиологиялық дамуы, даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шараларының жүргізілуі бақылауда болғанын айтты.Педагогтардың әдістемелік құрал тақырыптары бойынша аймақтық семинарда іс-тәжірибеде тарапылғаны айтып өтті.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, өзін-өзі бағалау қорытындысын таныстырды. Төлеби ауданы білім бөлімінің «Ақарыс «бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында өзіндік бағалау 2025жыл мамыр айының 02-08 аралығында өтті. Бөбекжай-бақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізілді: педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;іс әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану баланың дамуына мүмкіндіктер жасау;ұлттық құндылықтарды балалар бойына сіңіру; конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру,тәрбиешілер арасында сараптама жүргізіп,жоспар жасау.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.Пернебекова жалғастырды. Қортынды мониторинг 2025 жылдың мамыр айында 2 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ .Бала саны – 50. Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы қанағаттанарлық екенін айтты. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарлау керек екенін ескертті.Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы

арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізілді. Балалар жас ерекшеліктеріне сай білім, білік, дағдыларды көрсетеді, түсінеді, қолданады деп қортындылады. Келесі оқу жылында төмен деңгейдегі балалармен жеке жұмыс, дифференциалды тәсілді күшейту ұсынылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай педагогтары, жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралар жоспарын талқылап ұсыныстар еңгізді. Балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, серуен табиғат аясында шығармашылық іс-әрекеттерді дамыту, жаз мезгіліне арналған оқу – тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы бойынша талдау жасап ой бөлісті. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес циклограмма, күн тәртібі бекітіліп толтырылуы тиіс екені айтылды. Түрлі іс-шаралар ұйымдастыру барысында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталынуы ескертілді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарға сай орындалуы бақылауда болатынын айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Төлеби ауданы білім бөлімінің «Ақарыс» бөбекжай-бақшасы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді және «zhaqsy»-деп бағаланады.
3. Қортынды мониторингке талдау жасалынды деп есептелінсін. Тәрбиеленушілер бағдарламалық талапқа жас ерекшелігіне сай білім-білікті меңгерген.
4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.



Төрайымы
Хатшы

Ж.К.Нуралиева
Б.К.Пернебекова

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мерленген

